

«Келісілді»

«Мұғалжар аудандық  
білім бөлімі» ММ

әдістемелік кабинетінің  
Г.К. Нұрмағамбетов

« »



«Бекітемін»

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы»



«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК  
2021 – 2022 оқу жылына арналған  
үлгілік оқу жоспары

2021 жыл

**«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК-ның  
2021 - 2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына  
түсінік хат**

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы бойынша 2021– 2022 оқу жылында 14 топ жұмыс жасайды. Жалпы бала саны – 320.

Оның ішінде 9 топқа мемлекеттік тілде, 5 топқа орыс тілінде оқу - тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МКҚК- ның 2021 – 2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №557 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге алып, «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сүйене отырып құрастырылды.

Бағдарламада Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту- үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасалып, балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына , оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар анық айқындалған.

2021-2022 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- бала дамуын үнемі бақылау арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтауды қарастыру мақсатында мониторинг жүргізу арқылы іске асырылады.

Бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде жаңа оқу жылында педагогтар өтпелі тақырыптарды таңдағанда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мамандармен бірлесе отырып, жоспар құрды. Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылды. Жоспарланған өтпелі тақырыптар мен перспективалық жоспарлар №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Білім беру мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын

дамытуға бағытталған білім беру салаларының «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етілген. Білім беру салаларының өзара байланысуы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырады, қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес топтарда вариативтік жүктеменің жалпы апталық көлемі ортаңғы топтарда (3 жастан) 1 сағат, ересек топтарда (4 жастан) - 2 сағат, МАД топтарында (5 жастан) – 3 сағатқа бөлінген. Вариативтік бағдарламаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жеке, эмоционалдық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қалыптастыру болып табылады.

Балабақша педагогтары балалардың белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып, әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды. Осыған сәйкес балабақшада әр топтың жас ерекшелігіне сай вариативтік компонент күннің екінші жартысында жүргізіледі. Вариативтік бөліктегі ұйымдастырылған оқу қызметінің тізбесіне:

*Ортаңғы топтарында:* «Өнерлі екен он саусақ», «Бәрін білгім келеді», «Табиғат біздің анамыз», «Сұлу табиғатымызды аялай білейік», «Байқампаздар әлемі», «Нетрадиционные техники рисования»

*Ересек топтарында:* «Сиқырлы саусақтар», «Ертегілер елінде», «Ою өрнек сәніміз», «Умелые ручки», «ТРИЗ ИЗО», «Удивительные истории»,

*МАД топтарында:* «Сөйле, балдырған!», «Математика елінде», «Табиғат ортақ үйіміз», «Сиқырлы сандар», «Тәрбие – тал бесіктен», «Бала тілін дамыту», «Волшебная бумага», «Я и мир вокруг меня»- атты тақырыптары.

Вариативтік бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың толыққанды дамуына әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес келесі жасқа өтуінде сабақтастықты сақтай отырып әлеуметтік тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Сапалы білім берудің күн сайын тиімді жолдарын ойластырып отыруды ерекше талап етіп отырған жаңа кезеңде, балаларды жан –жақты дамытып, дені сау, жаны таза тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі бөлім әдістемелік кабинетімен бекітіп жұмыс жасауда.

«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК 2021- 2022 оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмысының базалық оқу жоспарындағы апталық

жүктемелердегі шектеулер мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы  
МКҚК меңгерушісі:



Ж.А.Курманова

**Типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения детей от 2 года до приема в 1 класс с русским языком обучения**

№	Образовательная область Организованная учебная деятельность	Возрастные группы			
		Младшая группа от 2 лет	Средняя группа от 3 лет	Старшая группа от 4 лет	Предшкольная группа от 5 лет
1	«Здоровье»	3	3	3	3
	Физическая культура	3	3	3	2,5
	Основы безопасного поведения	-	-	-	0,5
2	«Коммуникация»	1	2,5	3	6
	Развитие речи	0,5	1	1	1
	Художественная литература	0,5	0,5	1	1
	Основы грамоты	-	-	-	2
	Казахский язык	-	1	1	2
	«Познание»	2	2,5	2,5	2,5
3	Основы математики	-	1	1	1
	Сенсорика	0,5	-	-	-
	Конструирование	0,5	0,5	0,5	0,5
	Естествознание	1	1	1	1
	«Творчество»	3	3	3,5	5
4	Рисование	1	1	1	1
	Лепка	0,25	0,25	0,5	1
	Аппликация	0,25	0,25	0,5	1
	Музыка	1,5	1,5	1,5	2
	«Социум»	-	0,5	0,5	1,5
	Самопознание	-	-	-	1
5	Ознакомление с окружающим миром	-	0,5	0,5	0,5
	<b>Продолжительность организованной учебной деятельности</b>	<b>10-15</b>	<b>15-20</b>	<b>20-25</b>	<b>25-30</b>
	<b>Объем недельной учебной нагрузки</b>	<b>9</b>	<b>11,5</b>	<b>12,5</b>	<b>18</b>
	<b>Вариативный компонент</b>	<b>-</b>	<b>0,5</b>	<b>1,5</b>	<b>2</b>
	<b>Итого</b>	<b>9</b>	<b>12</b>	<b>14</b>	<b>20</b>

**2 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу жоспары (қазақ топтары)**

№	Білім беру салалары Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жас тобы			
		Кіші топ 2 жастан	Ортаңғы топ 3 жастан	Ересек тобы 4 жастан	Мектепал ды тобы 5 жастан
1	<b>«Денсаулық»</b>	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	2,5
	Қауіпсіз мінез - құлық негіздері	-	-	-	0,5
2	<b>«Қатынас»</b>	1	2	2,5	5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	2
	Орыс тілі	-	0,5	0,5	1
3	<b>«Таным»</b>	2	2,5	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	1	1	1
	Сенсорика	0,5	-	-	-
	Құрастыру	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1	1	1
4	<b>«Шығармашылық»</b>	3	3	3,5	5
	Сурет салу	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5	1
	Жапсыру	0,25	0,25	0,5	1
	Музыка	1,5	1,5	1,5	2
5	<b>«Әлеумет»</b>	-	0,5	0,5	1,5
	Өзін - өзі тану	-	-	-	1
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	0,5	0,5	0,5
	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы</b>	<b>10-15</b>	<b>15-20</b>	<b>20-25</b>	<b>25-30</b>
	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі</b>	<b>9</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>17</b>
	<b>Вариативтік компонент</b>	-	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
	<b>Жалпы көлемі</b>	<b>9</b>	<b>12</b>	<b>14</b>	<b>20</b>